12 қараша 2026 ж.

2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үшінші тоқсан мен алғашқы тоғыз айдың нәтижелері

Халықаралық бағыттардың кеңеюі түсім өсімінің жеделдеуіне ықпал етуде.

Қозғалтқыштардың қолжетімділігі артып, өткізу сыйымдылығы ұлғаюда. Бұл бірлік шығындардың өсуіне байланысты сақталып отырған қысымды ішінара төмендетуге мүмкіндік береді.

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» АҚ («Компания» немесе еншілес FlyArystan компаниясымен бірге «Топ»), кірісі мен әуе паркіндегі әуе кемелерінің саны бойынша Орталық Азия мен Кавказдағы жетекші авиациялық топ, 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үшінші тоқсан мен алғашқы тоғыз айдағы қызметінің нәтижелерін жариялайды.

Air Astana бас атқарушы директоры Ибрахим Жанлыел:

«2026 жылдың үшінші тоқсанында Air Astana компаниялар тобының жалпы кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,6%-ға өсті, бұл кіріс өсімінің одан әрі жеделдегенін көрсетеді. Шығындардың өсуі авиация саласындағы басқа компанияларға сияқты Топтың қызметіне де әсер етуде. Соған қарамастан, RASK және CASK көрсеткіштерінің өсу қарқыны арасындағы айырмашылық үшінші тоқсан қатарынан жақсаруда. Тоқсан қорытындысы бойынша бірлік түсім тасымалдау сыйымдылығының басқарылатын өсімі аясында 16,0%-ға өсті. Бұл сұраныстың тұрақты жоғары деңгейін және «Жаңа норма» аясында тасымалдау сыйымдылығын серпінді бөлу моделіміздің тиімділігін көрсетеді.

Бірлік шығындардың өсуі бірнеше факторларға байланысты болды, соның ішінде халықаралық нарықтағы авиациялық отын бағасының өсуі. Бұл факторлардың ықпалы есепті тоқсанда Қазақстандағы әуежайларда отын құю үлесін 75%-ға дейін жеткізуге бағытталған жұмысымыздың арқасында ішінара өтелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 пайыздық тармаққа жоғары. Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселе әлі де белгілі бір операциялық қиындықтар мен қосымша шығындарға әкелуде. Дегенмен, өткен жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда, есепті кезеңде пайдаланудан уақытша шығарылған әуе кемелерінің саны бес ұшаққа азайды. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша хабарлағанымыздай, 2027 жылдың ең жоғары маусымында қозғалтқыш мәселесіне байланысты пайдаланудан шығарылған әуе кемелері мүлдем болмайды деп күтілуде.

Парсы шығанағы аймағындағы құбылмалы жағдай әлі де сақталуда. Соған қарамастан, екі әуе брендіміздің де маршруттық желісін жағдайға қарай бейімдеу мүмкіндігінің арқасында Қазақстан арқылы өтетін Шығыс–Батыс бағытындағы транзиттік ағынға сұраныстың артуын тиімді пайдаланып, халықаралық маршруттық желіні кеңейтуді жалғастырдық. Үшінші тоқсанда Топтың Қытай бағытындағы өткізу сыйымдылығы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге жуық артты, ал Үндістан бағытындағы өткізу сыйымдылығы 23%-ға өсті. 2026 жылы ашылған жаңа бағыттардың саны 24-ке жетті. Үшінші тоқсанда өткізу сыйымдылығы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға өсіп, биылғы ең жоғары тоқсандық көрсеткіш көрсетті. Сондай-ақ үшінші тоқсанда қозғалтқыштардың қолжетімділігі алғаш рет жақсарды. Бұл алдағы кезеңде өсімді қамтамасыз етуге негіз болады деп санаймыз.

Осы жаз маусымында маршруттық желіні кеңейту жұмыстары жалғасты. Air Astana Токиоға жаңа негізгі бағытты, сондай-ақ Лангкави, Салала және Бангкок қалаларына жаңа рейстерді жариялады. Ал FlyArystan Чунцин, Сиань, Үрімші, Үргеніш және Інин қалаларына жаңа рейстер ашатынын, сондай-ақ Ереванға рейстерді қайта жаңғыртатынын хабарлады. Бұл өзгерістер бизнес және туристік сапарлар үшін маңызды нарықтардағы бағыттарымыздың аясын кеңейтеді.

Өткен тоқсанда қозғалтқыш қолжетімділігінің артуы қолданыстағы әуе паркін тиімдірек пайдалануға және бизнестің өсуіне мүмкіндік беретінін айтқан болатынбыз. Үшінші тоқсанда бұл өзгерістер нақты нәтижесін көрсетті. Өткізу сыйымдылығы артты, жаңа бағыттар ашылды және халықаралық маршруттық желі кеңейді. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасады деп үміттенеміз және болашаққа сеніммен қараймыз»

Үшінші тоқсанның негізгі қорытындылары

Әуе кемелерінің қолжетімділігі артып, өткізу сыйымдылығының ұлғаюына мүмкіндік берді де, түсімнің жоғары өсу қарқыны жалғасты.

- Жалпы түсім мен өзге де кірістер 20,6%-ға өсіп, 529,1 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 438,6 млн АҚШ доллары).
- Қолжетімді орын-шақырым (ASK) көрсеткіші 4,0%-ға өсіп, 7,07 млрд-қа жетті (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 6,80 млрд).
- Орындалған жолаушы-шақырым (RPK) көрсеткіші 2,0%-ға өсіп, 5,90 млрд-қа жетті (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 5,78 млрд).
- RASK және CASK көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық одан әрі қысқаруда:
    - RASK 16,0%-ға өсіп, 7,48 АҚШ центін құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 6,45 цент).
    - CASK 20,0%-ға өсіп, 6,95 АҚШ центін құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 5,79 цент).
- EBITDAR 0,4%-ға өсіп, 105,6 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 105,2 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 4,0 пайыздық тармаққа төмендеп, 20,0%-ды құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 24,0%).
- Таза пайда (PAT) 10,3%-ға төмендеп, 18,5 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 20,6 млн АҚШ доллары).
- Топ тасымалдаған жолаушылар саны 0,9%-ға өсіп, 3,05 млн адамды құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 3,02 млн). Ал орташа толымдылық коэффициенті 83,4%-ға дейін төмендеді (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 85,0%).

Тоғыз айдың негізгі қорытындылары

Өткізу сыйымдылығы тұрақты жағдайда түсімнің өсімі қамтамасыз етілді. RASK пен CASK көрсеткіштерінің өсу қарқыны арасындағы айырмашылық тоқсан сайын жақсарып келеді.

- Жалпы түсім мен өзге де кірістер 17,9%-ға өсіп, 1 293,0 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 1 096,8 млн АҚШ доллары).
- ASK 1,8%-ға өсіп, 17,36 млрд-ты құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 17,06 млрд).
- RPK 1,5%-ға өсіп, 14,37 млрд-ты құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 14,16 млрд).
- CASK көрсеткішінің өсу қарқыны RASK көрсеткішінің өсу қарқынынан жоғары болды:
    - RASK 15,9%-ға өсіп, 7,45 АҚШ центін құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 6,43 цент).
    - CASK 21,3%-ға өсіп, 7,15 АҚШ центін құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 5,90 цент).
- EBITDAR 5,7%-ға төмендеп, 247,3 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 262,2 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 4,8 пайыздық тармаққа төмендеп, 19,1%-ды құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 23,9%).
- PAT -2,7 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 31,2 млн АҚШ доллары).
- Топ тасымалдаған жолаушылар саны 1,1%-ға азайып, 7,44 млн адамды құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 7,53 млн адам). Ал орташа толымдылық коэффициенті айтарлықтай өзгермей, 82,8% деңгейінде болды (2025 жылдың тоғыз айында: 83,0%).

Алдағы кезеңге болжам

Қазақстан мен тұтас өңірдегі макроэкономикалық қолайлы факторлардың әсерінен Топтың өсу әлеуеті жоғары деңгейде сақталып отыр. Өңірдегі жалғасып жатқан қақтығыстарға байланысты маршруттық желіні бейімдеу бағытында қабылданған шаралар да өсімнің тартымды қарқынын қамтамасыз етуде. Бұл үрдістер өңірдегі ұзақ мерзімді экономикалық өсімді қолдайды деп күтеміз. Алайда қысқа мерзімді болжамда инфляциялық қысымға байланысты шығындардың, әсіресе авиациялық отын құнының өсуі сақталады. Халықаралық бағыттарды кеңейтуге негізделген орта мерзімді стратегиямыз жоспарға сай жүзеге асырылып, орта мерзімді болжамдарымыздың орындалатынына сенімділік береді:

- Маржаны сақтап қалу және инфляциялық шығындар қысымын төмендету мақсатында өткізу сыйымдылығын қайта бөлу, сонымен қатар жүктеме коэффициентін 80%-дың төменгі және орта деңгейінде сақтау.
- 2030 жылдың соңына қарай әуе кемелер санын 86-ға дейін ұлғайту.
- Орта мерзімді перспективада EBITDAR маржасын 20% орта-жоғары деңгейіне дейін арттыру, өтімділік коэффициентін 25%-дан жоғары деңгейде ұстап, таза қарыздың EBITDAR-ға арақатынасын 3,0 еседен төмен сақтау.

Қаржылық нәтижелерге шолу

Қаржылық және операциялық қызметке шолу	3 тоқ-26	3 тоқ-25	Жылдық өзгеріс	9 ай-26	9 ай-25	Жылдық өзгеріс
Жолаушылар (млн)	3,05	3,02	0,9%	7,44	7,53	-1,1%
Ұшақтар саны (кезең соңы әуе паркі)	63	61	3,3%	63	61	3,3%
Жүктеме коэффициенті (%)	83,4	85,0	-1,7пт	82,8	83,0	-0,2пт
Түсім мен өзге де кірістер (млн АҚШ доллары)	529,1	438,6	20,6%	1 293,0	1 096,8	17,9%
EBITDAR (млн АҚШ доллары)	105,6	105,2	0,4%	247,3	262,2	-5,7%
EBITDAR маржасы (%)	20,0%	24,0%	-4,0пт	19,1%	23,9%	-4,8пт
PAT (млн АҚШ доллары)	18,5	20,6	-10,3%	-2,7	31,2	-108,7%
ASK (млрд)	7,1	6,8	4,0%	17,4	17,1	1,8%
RPK (млрд)	5,9	5,8	2,0%	14,4	14,2	1,5%
RASK (АҚШ центі)	7,48	6,45	16,0%	7,45	6,43	15,9%
CASK (АҚШ центі)	6,95	5,79	20,0%	7,15	5,90	21,3%
Ақша қаражаты мен банктік шоттардағы қалдықтар (млн АҚШ доллары)	511,5	539,6	-5,2%	511,5	539,6	-5,2%
Таза қарыз/EBITDAR	1,9	1,3	0,6	1,9	1,3	0,6
Ақша қаражатының түсімге арақатынасы (%)	31,0%	38,3%	-7,3пт	31,0%	38,3%	-7,3пт

Қаржылық жағдайға шолу

Топ 2026 жылдың үшінші тоқсанында түсімнің жоғары өсімін көрсетті. Түсім мен өзге де кірістер 20,6%-ға өсіп, 529,1 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 438,6 млн АҚШ доллары). Бұл көрсеткіш бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда жақсарды. Бұған тарифтердің қолайлы деңгейде сақталуы және Air Astana-ның өткізу сыйымдылығын пайда маржасы жоғары халықаралық бағыттарға жоспарлы түрде үйлестіру ықпал етті. Шығындардың өсу қысымына қарамастан, тоқсандық EBITDAR өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі деңгейге жуық болып, 0,4%-ға өсіп, 105,6 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 105,2 млн АҚШ доллары). Алайда EBITDAR маржасы 4,0 пайыздық тармаққа төмендеп, 20,0%-ды құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 24,0%) да түсімнің өсуі шығындардың артуын негізінен өтей алмады. FlyArystan үшінші тоқсанда ерекше мықты нәтижелер көрсетті: EBITDAR көрсеткіші 33,9 пайызға өсті, ал EBITDAR маржасы 3,1 пайыздық тармаққа артты.

2026 жылдың алғашқы тоғыз айында түсім мен өзге де кірістер 17,9%-ға өсіп, 1 293,0 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 1 096,8 млн АҚШ доллары). EBITDAR көрсеткіші 5,7%-ға төмендеп, 247,3 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылдың алғашқы тоғыз айында: 262,2 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 4,8 пайыздық тармаққа төмендеп, 19,1%-ды құрады (2025 жылдың тоғыз айында: 23,9%). Үшінші тоқсанда EBITDAR көрсеткішінің тұрақтануы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғандағы қаржылық нәтиже динамикасының жақсарғанын көрсетті. Дегенмен, тоғыз айдың қорытындысы Топ шығындарының өсу қысымы әлі де сақталып отырғанын аңғартады.

Үшінші тоқсанда Топтың өткізу сыйымдылығы (ASK көрсеткішімен өлшенеді) 4,0%-ға өсіп, 7,1 млрд құрады. Жолаушылар ағыны (RPK көрсеткішімен өлшенеді) 2,0%-ға өсіп, 5,9 млрд жетті. Тасымалданған жолаушылар саны 0,9%-ға артып, 3,05 млн адамды құрады. 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында ASK көрсеткіші 1,8%-ға өсіп, 17,4 млрд орын-шақырымды, ал RPK көрсеткіші 1,5%-ға өсіп, 14,4 млрд жолаушы-шақырымды құрады. Бұл ретте тасымалданған жолаушылар саны 1,1%-ға азайып, 7,44 млн

болды. Осылайша, түсімнің өсу қарқыны өткізу сыйымдылығы мен жолаушылар ағынының өсу қарқынынан едәуір жоғары болды. Бұл бірлік түсімнің артуын және маршруттық желі құрылымын халықаралық бағыттардың пайдасына жоспарлы түрде өзгертуді көрсетеді.

Үшінші тоқсанда Топтың RASK көрсеткіші 16,0%-ға өсіп, 7,48 АҚШ центін құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 6,45 АҚШ центі). Бұл бірлік түсімнің тұрақты өсуін көрсетеді. Air Astana-да RASK шамамен 12%-ға, ал FlyArystan-да шамамен 25%-ға өсті. 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында Топтың RASK көрсеткіші 15,9%-ға өсіп, 7,45 АҚШ центіне жетті (2025 жылдың тоғыз айында: 6,43 АҚШ центі). Бұл есепті кезең бойы бірлік түсімнің тұрақты өскенін көрсетеді.

Бірлік шығындардың өсу қарқыны бірлік түсімнің өсу қарқынынан жоғары болды. Үшінші тоқсанда CASK көрсеткіші 20,0%-ға өсіп, 6,95 АҚШ центін құрады (2025 жылдың үшінші тоқсанында: 5,79 АҚШ центі). Осылайша, CASK өсімі RASK өсімінен 4,0 пайыздық тармаққа жоғары болды. RASK көрсеткіші CASK деңгейінен жоғары сақталып, олардың арасындағы оң айырмашылық 0,53 АҚШ центін құрады, 2025 жылдың үшінші тоқсанында бұл көрсеткіш 0,66 АҚШ центі болған. 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында CASK көрсеткіші 21,3%-ға өсіп, 7,15 АҚШ центіне жетті (2025 жылдың алғашқы тоғыз айында: 5,90 АҚШ центі). Бұл кезеңде RASK өсімі 15,9%-ды құрады. Нәтижесінде RASK пен CASK арасындағы айырмашылық 0,53 АҚШ центінен 0,30 АҚШ центіне дейін қысқарып, бұл айырмашылықтың қысқару қарқыны тоқсан сайын баяулады.

Шығындардың өсуіне халықаралық әуежайлардағы авиациялық отын бағасының қымбаттауы, валюта бағамдарының өзгеруі және Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелердің жалғасуы әсер етті. Қазақстанда құйылатын отынның үлесі 2025 жылдың үшінші тоқсанындағы 71%-дан есепті кезеңде 75%-ға дейін өсті. Соның нәтижесінде халықаралық әуежайлардан сатып алынатын отынның үлесі азайды. Топтың Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарынан отынды тікелей сатып алуды қамтитын қалыптасқан отандық жеткізу моделі халықаралық нарықтағы отын бағасының құбылуына тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Әуе кемелерін иелену, инженерлік-техникалық қызмет көрсету және персоналға жұмсалатын шығындар да жоғары деңгейде қалды. Қозғалтқыштарға қатысты мәселелерге байланысты кейбір әуе кемелерінің пайдаланудан уақытша шығарылуы өткізу сыйымдылығын ұлғайту мүмкіндігін шектеді. Соған қарамастан, Топ әуе паркін, персоналды және операциялық дайындық деңгейін сақтап тұру үшін осы шығындарды көтеруді жалғастырды. Нәтижесінде шығындардың өскен базасы үшінші тоқсанда небәрі 4,0%-ға, ал алғашқы тоғыз айда 1,8%-ға ұлғайған ASK көрсеткішіне шақ келді. Өндірістік көлемді ұлғайту арқылы шығындардың өсуін өтеу мүмкіндігінің шектелуі бір орын-шақырымға шаққандағы шығындардың артуына және пайда маржасына түсетін қысымның сақталуына ықпал етті.

2026 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың өтімділік деңгейі жоғары болып, ақша қаражаты мен банктік шоттардағы қалдықтар 511,5 млн АҚШ долларын құрады (2025 жылғы 30 қыркүйекте: 539,6 млн АҚШ доллары). Пайдаланылмаған кредиттік желілерді есепке алмағанда, ақша қаражатының түсімге арақатынасы 31,0%-ды құрады. Бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 38,3% болған еді. Таза қарыздың EBITDAR-ға арақатынасы 1,89 есені құрады. 2025 жылғы 30 қыркүйекте бұл көрсеткіш шамамен 1,3 есе болған. Көрсеткіштің өсуіне жалдау міндеттемелерінің артуы және EBITDAR көлемінің төмендеуі әсер етті. Өткен жылмен салыстырғанда ақша қаражатының азаюына және қарыз жүктемесінің өсуіне қарамастан, екі көрсеткіш те Топ жариялаған орта мерзімді нысаналы деңгейлер шегінде қалды: өтімділік коэффициенті 25%-дан жоғары, ал қарыздың EBITDAR-ға арақатынасы 3,0 еседен төмен. Бұл Топтың операциялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және инвестициялық қажеттіліктерін қаржыландыруға жеткілікті қаржылық қор қалыптастырады.

Операциялық қызметке шолу

Топтың өз базасында жүзеге асырылатын әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және күрделі жөндеу (MRO), сондай-ақ мамандарды даярлау мүмкіндіктері негізгі техникалық және оқу процестерін тиімдірек бақылауға жағдай жасайды. Бұл операциялық тиімділікті арттырып, бизнестің қажеттіліктеріне икемді әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Топтың өз күштерімен орындалатын күрделі техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қосымша ангарлар салу жоспарлары іске асырылуда.

Есепті кезеңнен кейін, 14 қазанда Топтың Инженерлік-техникалық қызмет көрсету командасы Airbus A320ceo әуе кемесіне 12 жылдық C-check тексеруін күнде аяқтады. Бұл – осындай тексеру түрі бойынша қол жеткізілген ең қысқа мерзім. Бір жыл бұрын осыған ұқсас тексерулер 22 күнге ұзағырақ орындалған

болатын. Техникалық қызмет көрсетуге кететін уақыттың қысқаруы процестердің жетілдіріліп, мамандардың техникалық тәжірибесі артқанын көрсетеді. Бұл әуе кемелерінің пайдалануға қолжетімділігін арттырып, операциялық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді.

Қазан айында инженерлер ұжымы Airbus A321LR әуе кемесіне борттық Wi-Fi жүйесін өз күшімен орнату жұмысын алғаш рет бастады, жабдықты орнату шамамен үш аптаға созылды, және Wi-Fi қызмет қазір жолаушыларға қолжетімді. Бұл борттағы қызмет көрсету сапасын одан әрі жақсартуға көмектеседі.

Топ әуежайлардағы операциялық қызметтің цифрлық мүмкіндіктерін кеңейтіп, операциялық шешімдер қабылдауды қолдауға арналған жасанды интеллект негізіндегі құралдарды енгізді және негізгі корпоративтік ақпараттық жүйелерді жаңартуды аяқтады. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жолаушылармен байланыс платформасын жетілдіру жұмыстары жалғасты. Сонымен қатар жасанды интеллект IT-қызметтерінде, қолданбалы жүйелерді қолдауда және инфрақұрылымды басқаруда кеңінен қолданыла бастады. Бұдан бөлек, түсімді басқару және маршруттық желіні жоспарлау, қаржы процестерін автоматтандыру және операциялық тиімділікті арттыру бағытындағы жобалар іске асырылуда. Бұл бастамалар Топтың еңбек өнімділігін арттыруға, операциялық тұрақтылығын нығайтуға және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.

2026 жылдың үшінші тоқсанында Топ тұтынған авиациялық отынның 75%-ы Қазақстанда құйылды. Бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 71% болған. Қалған 25% отын халықаралық әуежайларда құйылды. Air Astana отынды негізінен Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей сатып алуды және оны тасымалдауды қоса алғанда, жеткізу логистикасын өз бетінше ұйымдастыруды жалғастырды. Мұндай сатып алу моделі халықаралық нарықтағы отын бағасының құбылуына тәуелділікті шектеуге мүмкіндік берді. Өйткені үшінші тоқсанда халықаралық әуежайлардағы отынның орташа бағасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47%-ға өсті.

Жолаушылар ағыны және маршруттық желінің кеңеюі

2026 жылдың үшінші тоқсанында Топтың сыйымдылығын икемді үйлестіру моделі екі әуе бренді бойынша да жаңа бағыттар ашуға және рейстер санын арттыруға мүмкіндік беріп, маршруттық желіні халықаралық нарықтарға қарай қайта бағдарлау жұмысына ықпал етті. Жазғы маусымда рейстер жиілігі 35%-ға артты. Халықаралық бағыттар бойынша аптасына 300-ден астам рейс орындалды, оның ішінде Орталық Азия мен Кавказға 100-ден астам рейс болды. Сонымен қатар Қазақстан ішіндегі бағыттар бойынша аптасына 500-ден астам рейс орындалды.

2026 жылғы 30 қазанда Air Astana мен China Southern Airlines стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Бұл – Қазақстан мен Қытай әуекомпаниялары арасындағы осындай серіктестіктердің алғашқысы. Бұған дейін қол қойылған кодшер келісімі негізінде жасалған серіктестік рейстер кестесін үйлестіруді, кодшер рейстерінің санын арттыруды және бірлескен маркетингтік бастамаларды жүзеге асыруды көздейді.

Бұл әріптестік Air Astana-ның стратегиялық маңызы бар әрі өсу әлеуеті жоғары Қытай нарығындағы қызметін одан әрі дамытуға бағытталған. Сондай-ақ жолаушыларға екі әуекомпанияның бірін-бірі толықтыратын маршруттық желілері бойынша рейстерді таңдауға және ыңғайлы транзиттік байланыстарды пайдалануға кең мүмкіндіктер ұсынады. Коммерциялық ынтымақтастықты тереңдету іскерлік және туристік сапарлардың дамуына, Қазақстан мен Қытай арасындағы транзиттік жолаушылар ағынының артуына ықпал етеді деп күтілуде. Бұл әуекомпанияның бәсекелестік позициясын нығайтып, бірлескен маршруттық желі аясында түсімді арттыруға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Халықаралық бағыттарды кеңейту жұмыстарының негізгі бағыты Қытай нарығы болды. Үшінші тоқсанда Топтың Қытай бағыттарындағы өткізу сыйымдылығы (ASK көрсеткішімен өлшенеді) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 99%-ға өсіп, екі есеге жуық артты. Air Astana рейстер жиілігін арттырып, FlyArystan маршруттық желісін одан әрі кеңейтуінің нәтижесінде Топ Қытайдың сегіз қаласына 14 бағыт бойынша аптасына 53 рейске дейін орындады. Қыркүйек айында Алматы-Чунцин бағыты бойынша аптасына екі рет орындалатын рейстердің ашылуы FlyArystan-ның Қытай нарығындағы дамуындағы тағы бір маңызды кезең болды. Бұл Чунцин мен Орталық Азия арасындағы алғашқы тұрақты тікелей жолаушы рейсі. Жаңа бағыт Топтың Қытайдың оңтүстік-батысындағы қатысу аясын кеңейтіп, екі нарық арасындағы іскерлік және туристік жолаушылар ағынын дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе қатынасын одан әрі нығайтады. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, қазан айында FlyArystan Астана-Інин бағыты бойынша рейстерді іске қосты. Нәтижесінде әуекомпанияның Қытайдағы тұрақты маршруттар саны алтыға жетті, оның төртеуі 2026

жылы ашылды. Жаңа бағыт FlyArystan-ның Шыңжаңдағы қатысуын нығайтып, Чунцин бағытымен бірге Топтың Қытай нарығындағы географиялық аясын кеңейтеді. Бұл ұзақ мерзімді өсу әлеуеті бар халықаралық бағыттарды дамыту стратегиясына сай келеді.

Үшінші тоқсанда Еуропа бағытындағы рейстер жиілігі аптасына 22 рейске дейін артты. Жазғы маусымның қызған шағында Түркияға аптасына 62 рейс орындалды. Бұл демалыс бағыттарындағы рейстер санының маусымдық өсуін көрсетеді. Ыстамбұлға Алматы, Астана және Атырау қалаларынан орындалатын рейстер жиілігі аптасына 25 рейске дейін артты. Оның ішінде Алматыдан күніне екі рет рейс орындалды.

Air Astana Алматы-Лондон бағыты бойынша аптасына төрт рейс, ал Алматы, Астана және Орал қалаларынан Франкфуртқа аптасына 11 рейс орындады. Жазғы ұшу кестесіне Ларнака мен Даламанға жаңа рейстер, сондай-ақ Подгорица, Батуми, Бодрум, Дананг және Нячанг бағыттары бойынша маусымдық рейстердің қайта жаңғыртылуы енгізілді.

Бірін-бірі толықтыратын екі маршруттық желіні одан әрі дамыту жолаушыларға қалалар арасында тікелей қатынау мүмкіндіктерін кеңейтіп, сонымен қатар Топтың Алматы мен Астанадағы хабтары арқылы транзиттік байланысты нығайтады. 2026 жылдың үшінші тоқсанында халықаралық транзиттік жолаушылар ағыны 75%-ға өсті. Бұл «Жаңа норма» деп аталатын ортада әуекомпания қызметінің нарықтағы жалпы үрдістерге қарсы бағытта даму ерекшелігін көрсетеді.

Әуе паркі

Флот кеңейуді жалғастыруда: Air Astana әуе паркіне тағы бір Airbus A321neo ұшағы, ал FlyArystan әуе паркіне A320 қосылды. Осы жеткізілімдер нәтижесінде Топтың әуе паркіндегі әуе кемелерінің саны 65-ке жетті. Оның 36-сы Air Astana, 29-ы FlyArystan әуе паркіне тиесілі. Әуе паркінің кеңеюі маршруттық желіні одан әрі дамытуға және Air Astana-ның пайда маржасы жоғары халықаралық бағыттардағы қызметін жоспарлы түрде ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2030 жылға қарай Топтың әуе паркіндегі әуе кемелерінің санын 86-ға дейін ұлғайту жоспарлануда. Оның 54-і Air Astana, 32-сі FlyArystan әуе паркіне тиесілі. Әуе паркі Airbus A320 тобына жататын 83 ұшақтан және қолданыстағы Boeing 767 ұшақтарын біртіндеп алмастыратын үш Boeing 787-9 ұшағынан тұрады.

2030 жылдан кейінгі кезеңге арналған икемді тапсырыс портфелімізде 2031–2035 жылдар аралығында жеткізілуі жоспарланған Airbus A320 тобының қосымша 50-ге дейінгі ұшағы және Boeing 787-9 үлгісіндегі 15-ке дейінгі ұшағы бар. Әуе паркін дамыту жоспары Топтың ұзақ мерзімді өсу стратегиясын қолдауға және жолаушыларға барынша жайлы ұшу тәжірибесін ұсынуға бағытталған.

Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелерді шешу және қосымша UER-лерді енгізу жөніндегі жұмыстар жалғасуда

Air Astana әуе паркінің басым бөлігін Pratt & Whitney PW1100G қозғалтқыштарымен жабдықталған Airbus A320 тобының ұшақтары құрайды. Есепті тоқсанда Топ Pratt & Whitney PW1100G қозғалтқыштарына қатысты бүкіл авиация саласына ортақ мәселелерді шешу жұмыстарын жалғастырды. Қозғалтқыштарды тексеру және техникалық қызмет көрсету талаптарының сақталуы әуе кемелерінің пайдалануға қолжетімділігіне әсер етті. Қалыптасқан тәуекелдерді азайту шаралары мен әуе паркін алдын ала жоспарлы басқару арқылы Топ операциялық іркілістерді барынша азайтуға, әуе кемелерінің пайдаланудан уақытша шығарылу жағдайларын қысқартуға және операциялық жүктеме жоғары кезеңдерде әуе паркінің қолжетімділігін барынша арттыруға басымдық берді.

2026 жылдың үшінші тоқсанында Топ Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты мәселелердің операциялық қызметке әсерін азайту бағытында жұмысты жалғастырып, бірқатар нәтижеге қол жеткізді. Қозғалтқыштарды жөндеуге қабылдау қарқынының артуы, жөндеу мерзімдерінің қысқаруы және жаңа жоғары қысымды турбина қалақшаларының төзімділігінің жақсаруы бұл жұмысқа оң ықпал етті. Әуе кемелерінің пайдаланудан уақытша шығарылу саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 60%-ға азайды. Бұл Топ қабылдаған шаралардың тиімділігін көрсетеді. 2026 жылы қозғалтқыштарды жөндеуге қабылдау саны 2025 жылмен салыстырғанда үш еседен астам артады деп күтілуде. Сонымен қатар 2027 жылға арналған қосымша жөндеу қуаттары бойынша келісімдер жасалды. Осылайша, Топ 2027 жылғы жазғы қарбалас маусымда қозғалтқыш мәселелеріне байланысты пайдаланудан шығарылған әуе кемелерінің болмауы жөніндегі мақсатына сай жұмыс істеп келеді.

Операциялық қызметтің жоғары деңгейі

Air Astana борттағы өнім мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасын одан әрі жетілдіруге инвестициялауды жалғастыруда. Бұл әуекомпанияның премиум сегменттегі позициясын нығайтуға және ұзақ мерзімді өсу стратегиясын іске асыруға бағытталған. 2026 жылдың үшінші тоқсанында рейстердің уақытылы орындалу көрсеткіші (OTP) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,4 пайыздық тармаққа өсіп, 87,4%-ды құрады. Тоқсан бойы бұл көрсеткіш тұрақты жақсарды: шілдеде 85,5%-ды (жылдық өсім 9,2 пайыздық тармақ), тамызда 86,3%-ды, ал қыркүйекте 91,1%-ды құрады. Сондай-ақ қыркүйек айында таза ұсыныс индексі (NPS) 8 тармаққа өсіп, 57-ге жетті. Қазан айында да жоғары деңгейін сақтап, 56 болды.

Есепті кезеңнен кейін, 2026 жылғы 29 қазанда Air Astana жоғары жылдамдықты спутниктік Wi-Fi қызметін іске қосты. Жаңа жүйемен жабдықталған алғашқы Airbus A321LR ұшағы алғашқы рейсін Алматы-Ташкент бағыты бойынша рейс орындады. Жоба спутниктік байланыс қызметтерін ұсынатын SES компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Жабдық әуекомпанияның өз техникалық базасында инженерлік-техникалық қызмет мамандарының күшімен орнатылады. A321LR әуе паркін жаңа жүйемен жабдықтау жұмыстары 2027 жыл бойы кезең-кезеңімен жалғасады.

Air Astana 2026 жылдың үшінші тоқсанында борттағы өнімді одан әрі жетілдіріп, ойын-сауық контентін, жолаушылардың жайлылығын және қауіпсіздікке қатысты ақпараттандыруды жақсартты. Борттағы ойын-сауық жүйесіне ата-аналық бақылау функциясы, қысқа рейстерге арналған және ұсынылатын контент санаттары қосылды. Сондай-ақ балаларға арналған контент кеңейтіліп, оның ішінде қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Ақша әліппесі» топтамасы енгізілді.

Топтың қызмет көрсету стандарттары 2026 жылғы Skytrax World Airline Awards марапаттарында жоғары бағаланды. Air Astana «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік әуе компаниясы» атағын қатарынан 15-ші рет иеленсе, FlyArystan «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік әуе компаниясы» марапатына қатарынан төртінші рет ие болды. Сонымен қатар Air Astana Skytrax-тың өңірлік марапаттарында әуе компаниясы қызметкерлерінің жолаушыларға қызмет көрсету сапасы, сондай-ақ эконом және бизнес-кластардағы борттық кейтеринг бойынша марапаттарға ие болды.

ESG

2026 жылдың үшінші тоқсанында Air Astana IATA-ның орнықты даму жөніндегі интеграцияланған бағдарламасы аясында Sustainable Procurement сертификатын алды. Осылайша, әуеомпания Орталық Азия мен ТМД елдері арасында бұл сертификатқа ие болған алғашқы, ал әлем бойынша үшінші әуе компаниясы атанды. Бұл сертификат сатып алу туралы шешімдер қабылдау және жеткізушілерді бағалау кезінде экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) факторларының ескерілетінін растайды. Бұл әуекомпанияның жеткізу тізбегіндегі жауапты іскерлік тәжірибені дамытуға ықпал етеді.

Шілде айында Air Astana DHL GoGreen Plus сертификатын алған Қазақстандағы алғашқы компания атанды. Бұл бағдарламаға қатысу DHL-дің тасымалдау желісінде тұрақты авиациялық отынды (SAF) пайдалану арқылы халықаралық логистикаға байланысты Scope 3 санатындағы парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған шараларды қолдауға мүмкіндік береді.

Топ әуе паркін жаңарту және жасанды интеллект негізіндегі талдау құралдарын пайдалану арқылы отын тиімділігін арттыруға, отын шығынын оңтайландыруға және соған байланысты шығарындыларды азайтуға баса назар аударуды жалғастырды. Сонымен қатар Air Astana тұрақты авиациялық отынды (SAF) жеткізу мүмкіндіктерін және стратегиялық әріптестік орнату жолдарын зерделеуді жалғастырды. Бұл әуекомпанияның ұзақ мерзімді экологиялық мақсаттарына қол жеткізуге және Қазақстанда SAF нарығын дамытуға бағытталған.

Конференц-қоңырау

Компания басшылығы бүгін, 2026 жылғы 12 қарашада, Астана уақыты бойынша сағат 14:00-де (GMT бойынша 09:00-де) веб-презентация өткізіп, тікелей эфирде сұрақтарға жауап береді. 2026 жылдың үшінші тоқсаны мен алғашқы тоғыз айының нәтижелері бойынша презентация және веб-трансляцияның жазбасы компанияның https://ir.airastana.com ресми сайтында жарияланады.

Қатысушылар конференц-қоңырауға төмендегі сілтемелер арқылы қосыла алады:

Қазақ тілінде: 2026 жылдың үшінші тоқсан нәтижелері | SparkLive | LSEG
Ағылшын тілінде: Air Astana - Q3 Results 2026 | SparkLive | LSEG
Орыс тілінде: Результаты за третий квартал 2026 | SparkLive | LSEG

2026 жылдың тоғыз айындағы IFRS бойынша қаржылық есептілік компанияның https://ir.airastana.com сайтындағы «Қаржылық есептілік» бөлімінде қолжетімді.

Қосымша ақпарат алу үшін:

Air Astana тобы

Инвесторлармен байланыс бөлімі
Саймон Рэй (Инвесторлармен байланыс бөлімінің басшысы) investor.relations@airastana.com
Корпоративтік коммуникациялар media@airastana.com

FTI Consulting (қаржылық БАҚ үшін) airastana@fticonsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 65 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 15 мәрте иеленді және қатарынан 10 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan төрт рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.

Ескеру

Осы құжат «Эйр Астана» Акционерлік Қоғам («Компания») тарапынан дайындалған және Компания мен оның еншілес ұйымына («Топ») қатысты. Бұл құжаттағы ақпаратқа («Ақпарат») төмендегідей шарттар қолданылады.

Аталған Ақпарат Компанияны немесе Топты, сондай-ақ олардың операциялық нәтижелері мен қаржылық жағдайын толық, нақты және жан-жақты бағалауға қажетті барлық деректерді қамтиды деп есептелмеуі тиіс. Бұл Ақпарат Компанияның немесе Топтың кез келген басқа мүшесінің бағалы қағаздарына қатысты қандай да бір ұсыныс немесе инвестициялық кеңес болып табылмайды. Осы Ақпаратпен танысу арқылы сіз: (i) жоғарыда аталған шектеулерді қабылдайтыныңызға келісесіз; (ii) осы ескертудің мазмұнын оқып, түсініп, оның талаптарын сақтауға келісетініңізді растайсыз.

Компания немесе оның тиісті еншілес ұйымдары, сондай-ақ олардың директорлары, лауазымды тұлғалары, шектеусіз жауапты серіктестері, қызметкерлері, агенттері, кеңесшілері мен консультанттары («Өкілдер») немесе басқа да кез келген тұлғалар осы Ақпараттың немесе онда келтірілген пікірлер мен мәлімдемелердің әділеттілігіне, дұрыстығына, толықтығына немесе нақтылығына қатысты қандай да бір тікелей немесе жанама нысанда ұсыныс, кепілдік немесе міндеттеме бермейді және берілген деп есептелмеуі тиіс. Сондай-ақ, Компанияға немесе Топқа қатысты қандай да бір мәлімдемелерге сүйенуге болмайды, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) инвестициялық шешімдер қабылдау мақсатында. Компания, оның Өкілдері немесе басқа да кез келген тұлға ешқандай жағдайларда, азаматтық құқық бұзушылық, шарт немесе өзге де негіздер бойынша, осы Ақпаратты пайдалану салдарынан туындаған кез келген залал, шығын немесе келтірілген зиян үшін жауап бермейді және мұндай жауапкершілікті мойнына алмайды. Сонымен қатар, бұл құжат бухгалтерлік, заңгерлік немесе салықтық кеңес беру мақсатында ұсынылмайды және қандай да бір мәміле бойынша ұсыныс ретінде қарастырылмауы тиіс. Бұл Ақпаратта Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұсынылмаған кейбір қаржылық көрсеткіштер қамтылған. Топ бұл ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштерді ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық ақпаратты толықтыру мақсатында қолданады. Аталған көрсеткіштер ХҚЕС бойынша анықталмаған және оларға сәйкес ұсынылмайды. ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер Топтың операциялық нәтижелерін өлшеудің ресми тәсілі болып табылмайды және ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық тиімділік пен өтімділікті өлшейтін көрсеткіштердің орнына немесе баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Сонымен қатар, бұл Ақпаратта аудит жүргізілмеген және жүргізілмейтін Топтың ішкі есептілігі мен басқарушылық есептік деректері негізінде дайындалған кейбір қаржылық ақпараттар қамтылған. Аталған ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштер мен өзге де ақпараттар Топтың өткен кезеңдердегі операциялық нәтижелерін міндетті түрде бейнелемейді және болашақ нәтижелерді болжауға арналмаған. Бұл көрсеткіштер мен ақпараттар басқа компаниялар ұқсас немесе бірдей атаулармен қолданатын көрсеткіштермен салыстыруға келмеуі мүмкін. Осыған байланысты, ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер мен өзге де ақпаратқа артық сенім арту ұсынылмайды.

Бұл Ақпаратта қамтылған салалық болжамдарға қатысты кез келген нарықтық деректер, қажет болған жағдайда, ішкі сауалнамалар, бағалаулар, есептер мен зерттеулерге, сондай-ақ сыртқы нарықтық зерттеулерге, ашық көздерден алынған ақпаратқа және салалық жарияланымдарға сүйене отырып алынған. Топ немесе оның Өкілдері мұндай нарықтық деректер мен салалық болжамдардың дәлдігіне тәуелсіз тексеру жүргізбеген және оларға қатысты ешқандай кепілдік немесе мәлімдеме бермейді. Мұндай деректер мен болжамдар тек ақпараттық мақсатта енгізілген.Сонымен қатар, осы Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық және бәсекелестік жағдайға қатысты деректер Топтың өз ішкі зерттеулері мен бағалауларына негізделген болуы мүмкін. Бұл зерттеулер мен бағалаулар Топ қызмет атқаратын нарықтардағы басшылықтың білімі мен тәжірибесіне сүйенеді. Топ мұндай ақпаратты адал ниетпен шынайы және сенімді деп есептегенімен, олардың негізіндегі әдіснамалар мен болжамдар ешбір тәуелсіз дереккөз арқылы толық немесе нақты екендігіне тексерілген жоқ және олар өзгеруі мүмкін. Топ нарықтық ақпарат пен деректерді жинау, талдау немесе есептеу үшін өзге әдістерді қолданатын үшінші тараптар дәл сондай нәтижелерге қол жеткізетініне кепілдік бермейді. Сонымен қатар, Топтың бәсекелестері Топтың және өздерінің нарықтарын Топтан өзгеше анықтауы мүмкін. Осыған байланысты, бұл Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық немесе бәсекелестік жағдайға қатысты деректерге артық сенім артпауыңызды ұсынамыз.

Бұл Ақпаратта болашаққа қатысты болжамды мәлімдемелер қамтылған. Тарихи фактілерге қатысты мәлімдемелерден өзге барлық мәлімдемелер болжамды болып табылады. Болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақтағы көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты күтулері мен болжауларын білдіреді. Мұндай мәлімдемелерге, шектеусіз түрде, келесі сөздер мен сөз тіркестерімен басталатын, аяқталатын немесе оларды қамтитын кез келген мәлімдемелер жатуы мүмкін: «мақсат», «сенеді», «күтеді», «ұмтылады», «ниеттенеді», «мүмкін», «болжауы мүмкін», «бағалайды», «жоспарлайды», «жобалайды», «болады»,

«ықтимал», «қажет», «болар еді», «қол жеткізуі мүмкін» және осыған ұқсас мағынадағы басқа сөздер мен олардың теріс формалары. Мұндай болжамды мәлімдемелерге Топтың бақылауынан тыс, белгілі және белгісіз тәуекелдер, белгісіздіктер және өзге де маңызды факторлар әсер етуі мүмкін, бұл нақты нәтижелердің, көрсеткіштердің немесе жетістіктердің күтілген нәтижелерден айтарлықтай айырмашылығы болуына алып келуі ықтимал. Аталған болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі және болашақтағы бизнес стратегиялары мен алдағы уақытта жұмыс істейтін нарықтық ортаға қатысты көптеген жорамалдарға негізделген. Бұл Ақпараттың немесе ондағы пікірлердің әділеттілігіне, дәлдігіне, толықтығына немесе дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдік, мәлімдеме немесе міндеттеме берілмейді және ондай мәлімдемелерге сенуге болмайды.

Бұл Ақпарат тәуелсіз түрде тексерілмеген және болашақта жаңартылмайды. Ақпарат, соның ішінде болжамды мәлімдемелермен шектелмей, осы құжаттың жарияланған күніне ғана қатысты және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір кепілдік беруге арналмаған. Заң талаптарынан басқа жағдайларды қоспағанда, Топ бұл Ақпаратты, оның ішінде кез келген қаржылық деректерді немесе болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе түзету бойынша қандай да бір міндеттемелерден немесе жауапкершіліктен ашық түрде бас тартады. Сондай-ақ, Топ өз болжамдарына, болжамды мәлімдемелер негізделген оқиғаларға, жағдайларға немесе мән-жайларға қатысты қандай да бір өзгерістер орын алған жағдайда да, осы құжаттың жарияланған күнінен кейін туындайтын кез келген оқиғаларға байланысты Ақпаратты қайта қарап, жариялау жөнінде ешқандай міндеттеме алмайды.